



Латын әліпбиі – рухани жаңғыруымыздың алғышарты

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының «Таяу жылдардағы міндеттер туралы» бөлімінде қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді. Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керектігін нақтылады.

Әліпби өзгерту мәселесі тек кірме сөздерге ғана қатысты емес, өз

тіліміздегі төл сөздерімізді де жазуда кеткен олқылықтарды жөнге келтіруге көмектеседі. Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатыны байқалады. Ол біздің қоғамға еніп кеткен. Оны еліміздегі кез келген сауатты адам белгілі дәрежеде біледі. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер - барлығы да латын әліпбиімен байланысты. Латын әліпбиіне көшу - компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кіріуге, қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады.

Осы латын әліпбиін қолдану арқылы

әлемдегі ең дамыған өркениетті елдермен тереземізді теңестіре аламыз. Жаңа әліпбиді үйрететін сапалы мамандар қатарын көбейтіп, мектептерге арналған оқулықтар дайындалуы қажет. Осы мақсатқа қол жеткізіп, соның жемісін көру үшін білікті тіл мамандары мен оқытушы-профессорлар аянбай тер төгуіміз керек. Ал ғалымдардың еңбегін бағалап, ел болашағы үшін қабылданған маңызды шешімге қолдау көрсету, жақсыны үйренбекке ұмтылу жүрегі «елім» деп соққан әрбір қазақстандықтың абыройлы міндеті болмақ.

А.А.ДЖУМАБЕКОВА,
Тілдерді дамыту орталығының
оқытушысы